

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: мектепалды сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 04.03–07.03

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.03	Сейсенбі 05.03	Сәрсенбі 06.03	Бейсенбі 07.03
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелер, қарым-қатынас ойындары және балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Достық атмосфера құру			
	«Таңертеңгі сәулелер» психогимнастикасы Мақсаты: балалардың эмоционалды әлемін дамыту. «Біз доспыз» саусақ гимнастикасы Мақсаты: қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Көркем сөз: Қыс бекер ашуланбайды: Оның уақыты өтті. Көктем терезені қағады Қысты ауладан қуады. (Сөйлеуді дамыту + көркем әдебиет)	«Көктемгі көңіл-күй» Мақсаты: эмоционалды зарядты, бір-біріне мейірімді қатынасты дамыту. «Сағаттар» артикуляциялық гимнастикасы Мақсаты: артикуляциялық аппаратты, зейінді, ырғақ сезімін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Тамаша көктем күні» Мақсаты: балаларда керемет көңіл-күй қалыптастыру. «Көктем белгілері» ойын-тренингі Мақсаты: есту қабілетін дамыту, ширығуды жою. Көркем сөз: Даламызға көктем келді! Қар еріді, су ақты Ұйқысынан оянды. Күндер келді шуақты Шуағын төгіп әлемге. Жылуын күннің әкелер! (Сөйлеуді дамыту + көркем әдебиет)	«Көктем мезгілі» әңгімесі Мақсаты: балалардың көктем мен көктемгі белгілер туралы түсініктерін бекіту. «Көктем бізге келді» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Егер бала маңызды істермен айналысқысы келмесе, не істеу керектігі туралы әңгіме. «Баланы интернеттің теріс әсерінен қалай қорғауға болады?» тақырыбында жеке әңгімелер			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	«Үйге қайтайық» дидактикалық ойын Мақсаты: зейінді, реакция жылдамдығын жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Орныға тұр» аз қимылды ойын Мақсаты: заттардың орналасуын табу дағдыларын бекіту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артында. (Дене шынықтыру + математика) «Үй салу» ойыны Мақсаты: әртүрлі мөлшердегі үйлерді құру; берілген үйдің көлеміне сәйкес келетін есік, терезе,	«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың жәндік, аң, құстардың қозғалу жолдары туралы білімін жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Сонша қимыл жаса» аз қимылды ойын Мақсаты: белгілі бір қозғалыстарды көбейту қабілетін жетілдіру. (Дене шынықтыру + математика) «Қай құрылыс құлады?» ойын Мақсаты: зейін, логикалық ойлау дағдыларын бекіту; геометриялық фигураларды тану және атау.	«Алдымен не? Содан кейін не болады?» дидактикалық ойын Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгеріс реттілігі туралы білімді жетілдіру (Қоршаған әлеммен танысу + математика) «Сен қалай өмір сүресің?» Мақсаты: балалардың қимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу қабілетін, ойлау дағдысын, қимылды үйлестіруді жетілдіру. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) «Бақытты арал» ойыны Мақсаты: қиялдың шеберлігін бекіту;	«Біл және атап айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: тапсырмаға сәйкес суретті тез табу қабілетін бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + математика) «Челночок» аз қимылды ойыны Мақсаты: физикалық қасиеттерді, ұжымшылықты, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін бекіту. (Дене шынықтыру + қоршаған әлеммен танысу) «Таяқшадан құрастыру» ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді жетілдіру;

	шатыр таңдау дағдысын бекіту. (Құрастыру + математика)	(Құрастыру + математика)	командада жұмыс істеу; геометриялық фигура атауларын бекіту. (Құрастыру + математика)	балалардың логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені			
Ұйымдасты рылған іс- әрекетке дайындық	«Мен істей аламын» ойын жаттығуы Мақсаты: сәттілік жағдайын құру, балалардың өзіне деген сенімділігін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қарым- қатынас дағдылары)	«Көңілді дөңгелек биі» ойын жаттығуы Мақсаты: кемпіркосақтың түстерін, реңктерін бекіту. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: талдау, логикалық қорытынды құру, антоним таңдау, сөз тіркестерін дұрыс құру. (Сөйлеуді дамыту)	«Бұрыштар» ойын жаттығуы Мақсаты: жазықтыққа бағдарлау. (Математика) «Үшінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: көрнекі қабылдауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту)	«Гүл шоқтары» аз қимылды ойыны Мақсаты: балаларды халықтық ойынның негізгі жанрының бірі – дөңгелек биімен таныстыру; орыс ойындарының тарихына қызығушылық таныту. (Көркем әдебиет + дене шынықтыру) «Жұмбақтар елінде» Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, реттік санау. (Сөйлеуді дамыту + көркем әдебиет)
Ұйымдасты рылған іс- әрекет	<b>1.Қоршаған ортамен танысу</b> Тұқымнан не өсіп шығады? Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп- салдарлық байланыстарды ажырату. <b>«Қандай өсімдік екенін тап» атты ойыны.</b> Мақсаттары: балалардың затты суреттеу және оларды суреттемеге қарай тану қабілеттерін дамыту. Балалардың бірі өсімдікті суреттейді. Басқа балалар оның қандай өсімдік екенін табады. <b>«Кімге/неге айналамыз?»</b> ойыны. Тұқым неге айналады?Жұлдызқұрт неге айналады? Жұмыртқа кімге айналады?Балапан кімге айналады?Ұн не болады? Бала кім болады? <b>«ГҮЛ ДҮКЕНІ» ойыны.</b> Мақсаттары: балаларды өсімдіктерді өсетін орнына қарай топтастыра білуге, олардың сырт келбетін сипаттап беруге үйрету.Өсімдіктерге	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Көктем.Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,әңгімелесушіні мұқият тыңдауға баулу. Көктем мезгілі бейнеленген суреттер. Көктем екенін қалай білдіңдер?Жетекші сұрақтар:Көктемде неше ай бар?Қай айдан басталады?Жерде,далада,ағаштар да қандай өзгерістер болады?Көктемде алғаш қандай құстар ұшып келеді? Ұзақ,қараторғай,су құстары. Т.Молдағалиев Көктем өлеңін оқу. Көктемгі өзгерістер,көктемгі еңбек туралы әңгімелеу. <b>Көктемгі гүлдер дидактикалық ойыны.</b> Шарты.себеттегі гүлдердің ішінен көктемде гүлдейтін гүлдерді шығарып алып,сол гүлді сипаттайды. Мысалы:бәйшешек.қызғалдақ,сарғалдақ т.б.Бәйшешектің суретін салу.Өрік ағашы әңгімесін оқу.Сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіменің мазмұнын қалай түсінгендерін сұрау.	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Құстар қайдан тамақтанады? Наурыз сөзіне дыбыстық талдау. Буындардан сөздер құрастыруға үйрету. Дыбыстармен жаттығулар. <b>«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны.</b> Тәрбиеші балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады. Мысалы: <i>маймыл - лақ - қарбыз - зәкір - радио - от - тауық - қарлығаш - шапалақ – қайық- қасық - қылыш - шаш - шахмат - тамыз - зырылдауық -қант - ту - уық - қу - уәде - емізікт.б.</i> <b>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны</b> Тәрбиеші дыбыстарды айтады, ал балалар дыбысқа тиісті түстерді көрсетеді (қызыл, көк). Сөздермен жаттығулар. <b>«Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны</b> Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Аналар мерекесі.Сұрақты дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немес толық жауап беруге баулу.Балалар дөңгелене тұрып,әр бала өздерінің аналары туралы ойлап,аналарының өздерін қалай еркелететінін айтады.Мысалы:Мені анам:айым,күнім,боташым,ақылдым, -дейді.Көктемде болатын мерекелер туралы әңгіме жүргізу.Сурет бойынша жұмыс.Аналар мерекесін бейнелеген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі туралы түсінік беру.Анама сыйлық деген тақырыпта сурет салдыру. Ғ.Ормановтың Жан анам өлеңін жаттау. <b>Кімнің дауысы,табайық дидактикалық ойыны.</b> Шарты:балалар диктафон немесе таспаға алдын ала жазылған аналарының,әжелерінің сөздерін тыңдап,дауысынан танып айтады. <b>2.Қазақ тілі</b>

<p>не қажет? Өсімдіктің біздің бес саусағымыз сияқты бес түрлі көмекшісі бар. Балалар сатушылар мен сатып алушылар рөлдерін ойнайды. Сатып алу үшін балалар өздері таңдаған гүлді суреттеп беруі тиіс. Бірақ оның атауын атамай, тек оның қай жерде өсетінін айтады. Оның қандай гүл екенін сатушының өзі табуы тиіс. Содан соң оның атын айтады және сатады. Тындайды, гүлге топырақ, жарық, жылу, ауа мен су қажет деп жауап береді. Балаларды экологиялық ертегі тыңдауға шақырады.</p> <p>«Рэбига әжей мен Қазтамақ» ертегісін мұқият тыңдайды.</p> <p>«Өсімдіктерге тіршілік ету үшін не қажет?» деген тақырып бойынша «Жиынтық» құрауға шақырады.</p> <p>Нұсқалар. Өзіндік жұмыс. Әр бала қолындағы материалдардан жиынтық жасайды. Мәселен, әр бала өзінде бар материалдардан жиынтық құрады. Мысалы, сөздің айналасына. Жұптасып жұмыс істейміз. Әр бала жанындағы серіктесіне өзінің жасаған жиынтығын көрсетеді және оны жаңа мәліметпен толықтырады. Топпен бірігіп жұмыс істеу. Әр жұп өзінің жиынтығын екінші топқа көрсетіп, жаңасөздер/суреттер/жетондар қосады. Жалпылама жұмыс. Балалар ватманға бейнеленген жиынтықты толықтырады. Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Балалар: Суретке қарап, қайсы өсімдіктің ауру, қайсысының сау екенін анықта. Өсімдікті қалай емдеуге болады? Суреттерді қарап</p>	<p><b>2. Қазақ тілі</b></p> <p>Көктем. Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету.</p> <p>Суретте көктем мезгілі бейнеленген. Жаңа сөздермен таныстыру. Жылдың қай мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі – көктем. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктем айларын ата?</p> <p>Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде күн жылынады. Жылы, жылы-на-ды. Күн жылынады.</p> <p>Көктемде күн қайтеді?</p> <p>Көктемде күн жылынады.</p> <p>Көктемде қар ериді. Қар ... (ериді) Қар қай жыл мезгілінде ериді?</p> <p>Көктемде қар ериді.</p> <p>Көктемде құстар ұшып келеді.</p> <p>Құстар қай жыл мезгілінде ұшып келеді?</p> <p>Көктемде құстар ұшып келеді.</p> <p>Мынау не? Мынау – ағаш. Ағашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не? Мынау – бүршік. Ағашта бүршік.</p> <p>Ағашта не? Ағашта бүршік. Дыбыстық жаттығу. (Айнамен орындалады).</p> <p>Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік.</p> <p>Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем.</p> <p>Тақпақ оқу, таныс сөздерді тапқызу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта».</b> Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Көктем ... Күн ... Қар ... Ағаштар ... Көктемде ...</p> <p>Көктем айлары ...</p> <p><b>3. Математика негіздері</b></p> <p>1 және 2 саны мен цифр. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Сикырлы паровозбен саяхат жасау. («Паровоз және вагондар» кестесі).</p> <p>Суретте неше паровоз бар? (Біреу).</p> <p>Вагондарға ондағы терезе санына</p>	<p>атындағы бірінші дыбысты айтасындар.</p> <p>Мысалы: <i>ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і).</i></p> <p>Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатын). Оны қайдан білдік?</p> <p>Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, <i>пияз(п), ферма(ф), пима(п), түн(т), күй(к), хат(х), щетка(щ), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(т), халық(х).</i> Қандай сөздерді айтып, қандай дыбыстарды анықтадыңдар?</p> <p>Қатаң дауыссыз дыбыстарды.</p> <p>Бұл дыбыстар тез және қысқа айтылады, созып айтуға мүлдем келмейді. Өйткені тек салдырдан жасалады. Үн мүлдем болмайды. Келесі суреттердегі заттардың атын атап, бірінші дыбысын қайталайық.</p> <p>Мысалы: <i>бала(б), доп(д), зер(з), бақа(б), би(б), вагон(в), бұрыш(б), галым(г), бұлт(б), домбыра(д), дақ(д), вагон(в), жидек(ж), гүл(г), гарыш(г), бидон(б), жалау(ж), жалбыз(ж).</i></p> <p>Балалар, сендер қандай дыбыстарды атадыңдар? (Ұяң дауыссыз дыбыстар).</p> <p>Ұяңдарда салдыр мен үн жартылай қатысады, үнге қарағанда салдыр басымырақ. Келесі суреттерді айтып, бірінші естілген дыбысты анықтаңдар.</p> <p>Мысалы: <i>рауғаш(р), уыз(у), лақ(л), мысық(м), нан(н), мылтық(м), моншақ(м), литр(л), нар(н).</i> Бұл дыбыстар қалай айтылды? Қалай аталады?</p> <p>– Үнді дауыссыз дыбыстар. Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырайды. Балалар</p>	<p>Көктемгі еңбек. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу.</p> <p>Демонстрациялық суретпен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем).</p> <p>Көктемде ауланы тазалайды. Таза – тазалайды.</p> <p>Көктемде не тазалайды?</p> <p>Көктемде ауланы тазалайды.</p> <p>Мынау – арық. (Суретті көрсетеді).</p> <p>Мынау не? Мынау – арық.</p> <p>Көктемде арықты тазалайды.</p> <p>Көктемде арықпен не істейді?</p> <p>Көктемде арықты тазалайды.</p> <p>Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді).</p> <p>Көктемде не істейді? Көктемде ағаш отырғызады. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»</b> Көктемде ағаш ...</p> <p>Көктемде (сөйлемді аяқтау үшін суреттер: ағаштар, гүл, гүлдер көрсетіледі). Көктемде ауланы тазалайды. Көктемде ...</p> <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Ө-ө-ө-ө-көк-көк-көк-көктем</p> <p>Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?».</b> Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді қайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады.</p> <p>Көктемде гүл өседі.</p> <p>Көктемде көгөніс піседі.</p> <p>Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс.</p> <p>Суретке қара. Көктемде қандай</p>
--	---	---	--

<p>шық. Өсімдіктердің адам үшін маңызы жайлы айтып бер. Үйінде өсіп тұрған бөлме гүлінің суретін сал.<b>Дидактикалық ойыны: «Не болар еді...»</b>Балалар ойды аяқтайды. Сұрақтарға жауап береді. Егер өсімдікті қараңғы жерге қойса не болар еді? Егер өсімдікке су құюды ұмытып кетсе не болар еді?Егер өсімдікке уақтылы су құйып, топырағын қопсытып, қоректендіріп тұрса не болар еді?</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Көктем сөзіне дыбыстық талдау. Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p><b>Дыбыстармен жаттығулар.</b> <b>Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет»</b>Тәрбиеші балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: <i>й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.</i> Тәрбиеші балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді. Мысалы: <i>а, о, ұ, ы, ә, ө,е, э, і, у, и, ү, у.</i></p> <p><b>Сөздермен жаттығулар.</b> <b>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны</b> Тәрбиеші балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды. Мысалы: <i>доп ... (қызыл), бал ...</i></p>	<p>сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады Тәрбиеші тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады.Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады:Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с.Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар. Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік.Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?«Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар. Бір затты (бір саны) және заттар жұбын (екі саны) қандай цифрмен белгілейміз? Тәрбиеші тақтада 1 және 2 цифрларын көрсетеді.Не туралы бір деп айтуға болады?Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізулерін ұсынады. кейін 1 және 2 цифрларын ермексаздан жасауларын тапсырады. Біз санадық, біз шаршадық, Орнымыздан тұрамыз. Қол соғамыз: бір, екі. Аяқпен топылдатамыз: бір, екі.2 рет секіреміз, оң аяқпен 2 рет, сол аяқпен 2 рет аяқпен топылдатамыз. 2 рет қол соғамыз. Досымызбен екі рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с. Тапсырмада 1 және 2 цифрларын тауып, бояу қажет.Әрбір топтан 2 затты қоршап сызуды ұсынуға болады. Вагондарды, вагондардағы кейіпкер</p>	<p>үнді дауыссыз дыбыстарда салдыр мен үн жартылай қатысады, салдырға қарағанда үн басымырақ.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b> 3 және 4 саны мен цифры.Заттарды кеңістікте орналастыру. Жад пен логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырма. «Артық затты тап» кестесі.Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер.Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше зат бар?Бүгін қандай сандармен және цифрлармен танысатынымызды кім айтады?Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды. 1-тапсырма.Мәшинелерді санаймыз. Қуыршақтарды санаймыз. Мәшинелер саны 3 нүктемен белгіленеді.Қуыршақтар саны 4 нүктемен белгіленеді. 3 және 4 цифрлары туралы өлең оқу. Қадір Мырза Әлі Жол бойында, ел білер, Үшбұрышты белгілер. Төрт түлік мал – дәулет, Оған ие әулет. Арталарда жөн бөлек, Оларда төрт дөңгелек. Туралап тарт, Бұлтарма. Төрт тұяқ бар тұлпарда. Төрт бұрышты орамал, Төрт қабырға орамал. 3,4 цифрының үстінен саусақтарыңмен жүргізіндер.Одан кейін оны ауада жазамыз. Енді еденде аяқпен жазамыз. Осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады. рет секіреміз, 4 рет қол</p>	<p>жұмыс істейді? Сөйлем құра. Атауында «Ө» дыбысы бар суретті қорша.</p> <p><b>3. Математика негіздері</b> 5 және 6 саны мен цифры. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Тәрбиеші ертегі кейіпкерлерін шақырады. Алдымен 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Бес). Қалай кейіпкерлер саны 5 болды? (5 дегеніміз – 4 және тағы 1).Ертегі кейіпкерлерін санайды.Тапсырма. Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз.Бұл сан 5 цифрымен белгіленеді. 5 цифрын табамыз.Тәрбиеші тақтада, ал балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз (алты). Тапсырма. 6 моншақты бастырып сызындар және оларды бояндар. 5,6 цифрларын ауада жазамыз. Енді аяқпен еденге жазамыз. Тапсырма.Саусақтарың мен сызық бойымен жүргізіндер. Цифрларды ермексаздан жасандар. 5 рет секір, 6 рет қол соқ, әрбір аяқпен 5 рет еденді топылдат, көршіңмен 6 рет қолдарыңды соғындар.Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан</p>
---	---	--	--

<p>(<i>тәтті</i>), <i>ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), алма ... (дәмді), құмыра ... (қызыл), ата ... (еңбекқор), қазан ... (қара), жүзім ... (дәмді), ешкі ... (мүйізді), орындық ... (ыңғайлы), ат ... (жүйрік), түйе ... (қоңыр), маса ... (кішкентай), кітап ... (қалың), үй ... (жасыл), шырша ... (биік), кілем ... (қысқа), үстел ... (қоңыр) т.б.</i></p> <p>Дәптермен жұмыс. Суреттерді ата. «С» дыбысы бар суреттерді қорша. Сөздерді буынға бөл. Балалармен бірге тапсырманы талқылайды. Көктем сөзіне дыбыстық талдау жаса. Тәрбиеші балаларға жұмыс дәптерлерінде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды.</p> <p><b>3. Музыка</b> Ана-өмір шырағы. Музыкалық аспаптарда ойнау, ойнау тәсілдері мен таныстыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады. Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу. Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева). Әнді тыңдап болып, әннің кім</p>	<p>лерді және терезелерді санайды. «Екі» және «жүп» сөздерін дауыстап қайта лайды. Жеке-дара және жұп заттарды іздейді. 1-тапсырманы орындайды. Бір-бірден тұрған заттарды бояйды. Балалар цифрлардың үстінен саусақтарымен жүргізеді. Ермексаздан жасайды. Мәтінге сәйкес жаттығуларды орындайды. Ауада және тақтада саусақпен жазады. Цифрларды қажетті бағытта айналдырып бастырады. Тапсырманы өздігінен орындайды.</p> <p><b>4. Шығармашылық іс-әрекет</b> Гүлдер. Құрастыру: Дербестікті, шығармашылықты қолдау. Сурет салу: Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп алу, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Мүсіндеу: Қалауы бойынша мүсіндеу. Жапсыру: Қалауы бойынша қиып жапсыру. Балалардың қолдарына гүлдер беріледі. Баяу музыка қойылады. Балалар бір-біріне гүл туралы сөздер айтады. Гүлдерді құмыраға салады. Тәрбиеші сұрақ қояды: Гүлді не үшін өсіреміз? Суреттен неше түрлі топ бөлмесіндегі, бақшадағы, дәліздегі гүлдер көрсетіліп, әңгімеленеді. Топ бөлмесіндегі, бақшадағы гүлдерді күту туралы әңгіме өткізу.</p> <p><b>Ойын жағдаяты.</b> Тәрбиеші хат алып кіреді, хатты бірігіп ашады. Хат «Балдырған» балабақшасынан келіпті. Ондағы балалар өте шебер екен, бізге сыйлыққа гүл салыпты. Қараңдаршы, қандай әдемі! Үлестірмелі материалдағы «Гүлдер» суретіне балалардың назарын аударады. Бұл гүлдің ерекше жасалғанын көрсетіп,</p>	<p>соғамыз, әрбір аяқпен 3 рет еденді топылдатамыз. Көршімізбен бір-біріміздің алақандарымызды соғамыз. тапсырма. Цифрды, заттарды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру. Нүктелерде 1, 2, 3, 4 сандарын көрсетіндер. Суреттерден заттардың белгілі бір санын табындар (1-ден 4-ке дейін). Тәрбиеші саны 1-ден 4-ке дейінгі аралықтағы заттарды көрсетеді және оларды сәйкестендіріп, сызып қосуларын тапсырады. Қажетті цифрды жапсырады. Суреттегі заттарды санайды. Неше мәшине және неше қуыршақ болса, шаршыға сонша нүкте салады. Ермексаздан цифрларды жасайды. 3 және 4 цифрларының үстінен саусақтарымен бастырып жүргізеді. Цифрды, санды және нүктелерден құрылған санның моделін сәйкестендіру жөніндегі 3-тапсырманы орындайды. Балалар әр топтағы заттарды санап, цифрды жапсырады.</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b> Көктемнің сәні. Әже. Не сыйлау керек? Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну. Ғажайып жағдаят. Балалар, қараңдаршы, бүгін біздің сиқырлы қоржынның үлкейіп кетіпті. Оның ішінде не бар екен? Қоржыннан ертегідегі кейіпкерлердің ойыншықтарын алып, көрсетеді. Олардың қимылын, дауысын, жүрісін салуды ұсынады. Сиқырлы қоржынның ішіндегі кейіпкерлерді, аңдарды атайды. Осы аңдардың ішіндегі ең батыл, үлкені қай аң? (Арыстан) Арыстан бір күні барлық аңдарды жинапты. Не үшін жинағанын біз ертегі арқылы білеміз. Ол ертегі</p>	<p>желімделген текше). 1 – 6 зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп, текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға – модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады. Одан кейін 4-тапсырманы орындауды – 5 және 6 цифрларын тауып, бояуды сұрайды. 5-тапсырма. Вагондар саны 5 және 6 болуы үшін тағы да вагондарды жапсыруды ұсынады. Заттарды санайды. 5 цифрды тауып, талдайды. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша моншақтармен іс-әрекет жасайды. Тапсырманы орындайды. Цифрды ауада, аяқпен еденде, саусақтарымен үстінен жүргізеді және ермексаздан жасайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.</p> <p><b>4. Музыка</b> Ана-өмір шырағы. Музыкалық аспаптарда ойнау, ойнау тәсілдері мен таныстыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады. Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу. Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі</p>
---	---	---	---

<p>туралы айтылып отырғанын сұрау.Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Анашым» (Е. Хасанғалиев).Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?Әннің көңіл күйі қандай?Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады.Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<b>Билер:</b> «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады.Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап,Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақан дарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді.Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады.Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді.«Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе</p>	<p>гүлдің сабағы мен күлтелері, олардың орналасуы туралы түсіндіреді. Алдымен гүл сауытының суретін қиып алу. Гүл жасайтын бөліктерді қиып дайындау. Ол үшін қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қиямыз. Жапсырудың мынадай реті мен әдісі бар: гүл сауытын жапсыру, әшекейлеу; гүлдің сабағын жапсыру (дөңгелек қағазды екіге бүктеп, астыңғы бөлігіне желім жағып жапсырамыз). гүл күлтелерін де сол әдіспен жапсырамыз.Жапсыру барысында реттілікті сақтау керек, өйткені бір-бірін басып қалады.</p> <p><b>«Қонаққа барамыз»</b> ойын жаттығуы. Бас бармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар. Бес саусағың – бақытың, Сонда балам, бар құтың. Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың. Барлық саусақтар – достар, Бір-біріңіз болмайды.</p>	<p>«Көктемнің сәні» деп аталады. Сөздік жұмыс: нөсер – тынбай, толассыз жауатын жаңбыр жасыл желек – айнала дағы жасыл өсімдіктер.Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? Арыстан аңдарды не үшін шақырды?Қандай аңдар жиналды? Арыстан қандай сұрақ қойды? Аңдар не деп жауап берді? Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп. Бүршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады. Дәптермен жұмыс: Суретте жиналған аңдарды ата. Арыстан аңдарды не үшін жинады? Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле. Ертегіні сахналау. Бала сикырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды. Көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі. Біз анамыз бен әжемізге арнап қандай тақпақ дайындадық? Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз. Өлеңді жаттау.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  Менің достарымның ойыны.  Қазақстан халықтарының ойындары.  Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.  Табанына арналған түзету жаттығуларын орындау: аяқ басымен жүру,</p>	<p>аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).  Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Анашым» (Е. Хасанғалиев).Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?Әннің көңіл күйі қандай?Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады.Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<b>Билер:</b> «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады.Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап,Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақан дарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді.Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады.Орындарынан</p>
---	--	--	--

<p>мәнерлі орындауға дағдылану.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.</p> <p><b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> «Күншуақ» (Е. Құсайынов).</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Волейбол алаңында жаттығу.Адам ағзасы мен оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p><b>Сезімдік жаттығу:</b> «Санауды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді.4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдас құрып отыра қалады.Жүру, секектеу, бір орында көзін жұмып, айналып тұрып секектеу. 2 минут бағытты өзгерте отырып, орташа жылдамдықпен жүгіру.«У-шу» жаттығулар кешенімен тыныс алуды қалыпқа келтіру. Негізгі қимылдарды орындау.</p> <p><b>«Саусақтарды жаттықтыру»</b> – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.Допты керілген жіптен асырып лақтыру.</p> <p><b>Шапшаңдыққа жаттықтыру»</b></p> <p>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.</p> <p><b>«Секіргіштікті жаттықтыру»</b></p> <p>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады. Зейінді дамытуға арналған</p> <p><b>Сезімдік ойын: «Еріккендер».</b></p> <p>Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып,</p>		<p>өкшемен жүру, табанның ішкі қырымен, сыртқы қырымен жүру.Қысқа, алшақ аттап жүгіру.Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<b>Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары.</b> (Е. Жуйков)</p> <p><b>«Арқаннан секіру»</b> ( 6 рет).</p> <p>Арқанды біресе тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырып айналдыру.Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағанына көнбей, секіріп немесе қашып үлгеруге тырысады.<b>«Аңшылар»</b> ( 6 рет).</p> <p>Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аударту.Балалар екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді.</p> <p>«Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады.Барлық аңшы қолындағы доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқарларды санап, оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді.</p> <p><b>«Тосқауыл»</b> ( 4 рет)Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып «қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбер дегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қақпа жабылады). Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау.</p>	<p>тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді.«Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Өуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.</p> <p><b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> «Күншуақ» (Е. Құсайынов).</p>
---	--	---	--

	шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады		<b>Инс-жіп ойыны.</b> Бір-бірден тізбекпен бұралаңдап (ирелеңдеп) жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аударту – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шенбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ. Қазақ халқының ұлттық ойындары.	
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкапка дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)			
Серуен	Тамшыны бақылау Мақсаты: көктем туралы жұмбақтар, өлеңдер және оның көріну белгілері. Қармен тәжірибе. Судың үш қалыптағы түрін көрсету. Табиғаттағы су айналымы (карта-схема) «Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын Мақсаты: маусымдық өзгерістер, күннің бөліктері, уақыт. Еңбек қызметі: қоқыс жинау бойынша ұжымдық жұмыс. «Салки» қимылды ойыны Мақсаты: кеңістікті шарлау мүмкіндігі. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)	Құстарды бақылау Қандай құстарды көреміз? Олар не істеуде? Қыста құстардың әрекеті олардың көктемгі әрекетінен несімен ерекшеленеді? Неліктен? Еңбек қызметі: құстарға жем беру. «Мысық және құстар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілік, ұқыптылық. «Ақ сүйек» қимылды ойыны Мақсаты: ойын ережелерін сақтау. Шығарылатын материалмен (күрек) тәуелсіз ойындар. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)	«Наурыз – көктем айы» әңгімесі Мақсаты: ерте көктемде балалардың табиғат туралы білімдерін байыту және нақтылау; балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі «Серуендеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: көктемде киімді топтау. «Лақтыру-ұстау» қимылды ойыны Мақсаты: доппен ойнау. Балалардың қалауымен қимылды ойын. «Аяқ киімнің бауын байлау» ойын жаттығуы Мақсаты: балалардың өзіндік іс-әрекетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)	Еріген қарды бақылау Мақсаты: көктем белгісі туралы түсінікті кеңейту. Күн сайын көктемгі қар еріп жер қарая бастайды. Күн сәулесі жерді қыздырып, қарды ерітеді. Ала қардың қай жерде пайда болуы мүмкін екенін белгілеу: күн жақта ма, көлеңкеде ме. Қара ала қар – бұл буланған, ылғалды ала қарлы жер. Еңбек қызметі: ғимараттардан қар тазалау. «Кімнің ұсталғанын тап» қимылды ойын Мақсаты: байқауды, белсенділікті, бастаманы дамыту. «Біз көңілді балалар» қимылды ойыны Мақсаты: ауызша сигнал бойынша қимылды орындау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу)
Серуеннен оралу	Шешіну, киіну кезінде дағдыды қалыптастыруды жалғастыру. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)			
Балалардың өзіндік іс-	«Түлкі мен тырна» қазақ халық ертегісін сахналау ойыны	Ойыншық шеберханасы Мақсаты: сынған ойыншықтарды	«Қонақты қарсы алу» дидактикалық ойыны	Шығармашылық қызмет «Қазақстанның шексіз кеңістігі»



әрекеті	<p>Мақсаты: көркемдік-бейнелі орындаушылық дағдыны жетілдіру; диалогтік сөйлеуді дамыту.</p> <p>«Қатені тап» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: себеп-салдарлық байланыстарды анықтау; ойлауды дамыту.</p> <p>(Көркем әдебиет + сөйлеуді дамыту + математика)</p>	<p>жөндеуге көмек.</p> <p>«Біздің көмекшілер» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың біздің көмекшіміз: көз, қол, құлақ туралы білімін кеңейту және дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу)</p> <p>«Әр қадамға сөз» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: қимылдарды үйлестіру, сөйлеуді дамыту, бағдарлау. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p> <p>Изостудия: балалардың бояу, қарындаш және фломастермен өзіндік жұмысы. (Сурет салу)</p>	<p>Мақсаты: жақсы тон ережелерін бекіту, қазақ тілінде диалог жүргізе білу.</p> <p>«Көктем келе жатыр» фильмінің суретін мониторда қарау</p> <p>Мақсаты: ой-өрісін кеңейту.</p> <p>«Маша мен аю» мультфильмін көру.</p> <p>(Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсаты: қиялды дамыту; көргендерін бейнелеуде жаттығу.</p> <p>Пазлдар</p> <p>Мақсаты: моториканы, жазықтықта бағдарлауды, үлгі бойынша қою қабілетін дамыту.</p> <p>(Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Шығармашылық дағдылар «Кітап емханасы»</p> <p>Мақсаты: балалардың кітап беттерін желімдеу үшін түзу жолақтарды кесуге үйрету</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі</p> <p>«Суретті аяқта» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: шығармашылық қиялды дамыту; геометриялық фигураларды бекіту</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар</p> <p>«Неге ұқсас?» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: ұқсастық пен айырмашылық бойынша заттарды салыстыру</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары</p> <p>«Ертегіні суретте» ойын жаттығуы</p> <p>Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерінің ең тән белгілері ишара және мимика арқылы жеткізуге үйрету</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>«Ойнау арқылы дамимыз!» әңгімелесу. «Экологиялық тәрбие – адамгершілікке, руханилыққа және интеллектке тәрбиелеу» кеңес беру. «Баланы дос болуға қалай үйрету керек» жадынамасы</p> <p>«Менің сүйкімді анам» ата-аналардың қатысуымен өтетін мереке (видео). «Анаға арналған гүлдер» (құттықтау ашықхаты)</p>			